



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 тамыз

### 2018 жылғы 3 тамыздан 10 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

2018 жылғы 10 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 2%-ға әлсіреп (349,76-дан), 356,8 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 3 тамыздан 10 тамыз аралығында маңызды оқиғалар АҚШ билігінің кейбір қытай тауарларына 25%-дық мөлшерде қосымша баждар енгізуі себебінен Қытай тарапынан жауап санкциялары, тұтыну бағаларының индексі және АҚШ-тағы жалақының өсуі бойынша экономикалық деректерді жариялау, Түркиялық қарыз алушылардың кейбір еуропалық банктерге қарыздарын өтеумен байланысты тәуекелдерге қатысты ЕОБ-нің мәлімдемесі және АҚШ үкіметінің Ресей мен Түркияға қарсы санкциялар қолдануы болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының әлемдік нарықтарда біршама нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** бір апта ішінде бұрын-соңды болмаған ең төменгі шегіне жетіп, 26,6%-ға дейін (5,08-ден 6,43-ке дейін) әлсіреуін жалғастырды. Валютаның әлсіреуі ел өкілдерінің Вашингтонда кездесуінен кейін АҚШ пен Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың нашарлауымен байланысты болды, онда тараптар салынған санкцияларды алу талаптары, сондай-ақ осының салдарынан АҚШ үкіметінің Түркиядан импортталатын алюминий мен болатқа баждарды ұлғайтуы бойынша келісімге келмеді. Оған жауап ретінде Түркия Президенті Т. Эрдоған Қытай, Ресей, Иран және Украина сияқты өздерінің ірі сауда серіктестерімен ұлттық валютада есеп айырысуға ықтимал ауысуы туралы мәлімдеді.

- **Ресей рублі** АҚШ үкіметінің Ресейге қарсы жаңа санкциялар енгізуі аясында 6,9%-ға (63,35-тен 67,73-ке дейін) әлсіреді. Аталған санкциялар электрондық құрылғылар мен екі мақсатта қолданылатын жинақтаушылардың экспортына тыйым салуды ұйғарады. Сондай-ақ, валюта бағамының әлсіреуіне АҚШ-тың заң жобасының жариялануы әсер етті,

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

ол Ресейдің мемлекеттік борышын қаржыландыруға және бірқатар жетекші Ресейлік банктердің мүлікпен мәмілелерін шектеуді көздейді.



- **Оңтүстік Африка рэнді** инвесторлардың дамушы нарықтарға төзімділік тәуекелінің жалпы төмендеуі аясында капиталдың әкетілуі салдарынан 5,8%-ға (13,32-ден 14,09-ға дейін) әлсіреді;

- **Бразилия реалы** Еңбекшілер Партиясының сыбайлас жемқорлық үшін айыпталатын бұрынғы президенті Луис Лула да Силваның кандидатурасын президенттік сайлауға ұсыну туралы кезекті мәлімдемесінің аясында 4,0%-ға (3,71-ден 3,86-ға дейін) әлсіреді:

- **Мексика песосы** 1,9%-ға (18,56-ден 18,91-ге дейін) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** 0,3%-ға (68,62-ден 68,84-ке дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** бір апта ішінде айтарлықтай өзгеріс көрсеткен жоқ және бір АҚШ доллары үшін 14 498 -14 478 рупий деңгейінде саудаланды;



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)